

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТІРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
комерциялық емес акционерлік қоғамы

Ө.А.Байқоңыров тау-кен-металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Есімханұлы Жәкеби

Тақырыбы: Жер қойнауын пайдаланушылардың жерлерді тиімді пайдалануы мен
қорғауын мемлекеттік басқару

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B07304 – Геокеңістіктік цифрлық инженерия

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Кафедра «Маркшейдерлік іс және геодезия»

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНТУ им.К.И.Сатпаева»
Горно-металлургический институт
им. О.А. Байконурова

ҚОРҒАУҒА РҰҚСАТ
Кафедра меңгерушісі, т.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор
Г.Мейрамбек
«23» мамыр 2025 ж.

Дипломдық жұмыстың
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАСЫ

«Жер қойнауын пайдаланушылардың жерлерді тиімді пайдалануы мен
қорғауын мемлекеттік басқару» тақырыбына

6B07304 – «Геокеңістіктік цифрлық инженерия»

Орындаған:

Есімханұлы Жәкеби

Пікір беруші:

т.ғ.м., аға оқытушы

Март Сайлығараева М.А.

«27» мамыр 2025 ж.
«ҚАЗАҚ АГРАРЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
«СУ, ЖЕР ЖӘНЕ ОРМАН
РЕСУРСТАРЫ» ФАКУЛЬТЕТІ

Жетекшісі:

Доктор PhD, профессор

Жақыпбек Ы
«23» мамыр 2025 ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТІРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
комерциялық емес акционерлік қоғамы

Ө.А.Байқоңыров тау-кен-металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі, т.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор

Г.Мейрамбек

«06» сәуір 2025 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Есімханұлы Жәкеби

Тақырыбы: «Жер қойнауын пайдаланушылардың жерлерді тиімді пайдалануы мен қорғауын мемлекеттік басқару»

Университеттің 2025 жылғы "29" 01 №26 П/Ө бұйрығымен бекітілген

Орындалған жұмыстың өткізу мерзімі: « 9 » маусым 2025 жыл

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері: ЖОО қабырғасынан алған теориялық материалдар мен тәжірибеден өту барысында жинақталған мәліметтер.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Жер қойнауын пайдаланушылар пайдаланатын жерлер.
- ә) Жер қойнауын пайдалануға байланысты туындайтын мәселелер
- б) Қолданыстағы заңнамаға енгізілуі тиіс нақты ұсыныстар

Графикалық материалдардың тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

«Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ.



Жұмыс презентациясы слайдтарда 17 бет көрсетілген

Ұсынылған негізгі әдебиеттер: 11 атау

**Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Жер қойнауын пайдалану және мемлекеттік басқарудың теориялық-құқықтық негіздері	10.04.2025 ж.	-
Жер қойнауын пайдаланудағы экологиялық және әлеуметтік мәселелер	29.04.2025 ж.	-
Жер қойнауын пайдаланушылардың жерлерді тиімді пайдалануы мен қорғауын мемлекеттік басқару	15.05.2025 ж.	-

Аяқталған дипломдық жұмыс және оларға қатысты диплом жұмыстың бөлімдерінің кеңесшілерінің және қалып бақылаушыларының қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Жер қойнауын пайдалану және мемлекеттік басқарудың теориялық-құқықтық негіздері	PhD, профессор Жақыпбек Ы	23.05.2025 ж.	
Жер қойнауын пайдаланудағы экологиялық және әлеуметтік мәселелер	PhD, профессор Жақыпбек Ы	23.05.2025 ж.	
Жер қойнауын пайдаланушылардың жерлерді тиімді пайдалануы мен қорғауын мемлекеттік басқару	PhD, профессор Жақыпбек Ы	23.05.2025 ж.	
Қалып бақылаушы	Мадимарова Г.С. т.ғ.к. қауымдастырылған профессор	26.05.2025 ж.	

Ғылыми жетекшісі



Жақыпбек Ы.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Есімханұлы Ж.

Күні «3» ақпан 2025 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобаның зерттеу объектісі – жер қойнауын пайдаланушылар пайдаланатын жерлер.

Жұмыстың басты мақсаты – Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдаланушылардың қызметі аясында жер ресурстарын ұтымды әрі қауіпсіз пайдалануға бағытталған мемлекеттік басқару жүйесін кешенді түрде талдау және оны тиімді басқару жолдарын ұсыну болып саналады.

Дипломдық жұмыс барысында жер қойнауын игеру кезінде туындайтын экологиялық тәуекелдер (ауа, су ластануы, қалдықтар, жер бедерінің бұзылуы), дұрыс басқармау мен жер пайдаланушылардың жауапкершілікпен міндетін орындау барысы егжей-тегжейлі талданды. Сонымен қатар, халықтың мүддесін қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, әлеуметтік тұрақтылықты сақтау мақсатында мемлекеттік басқару жүйесін уақытылы орындауға бағытталған нақты ұсыныстар қарастырылды.

АННОТАЦИЯ

Объектом исследования дипломной работы являются земли, используемые недропользователями.

Основной целью работы является комплексный анализ системы государственного управления, направленной на рациональное и безопасное использование земельных ресурсов в рамках деятельности недропользователей в Республике Казахстан, а также выработка предложений по повышению её эффективности.

В ходе выполнения дипломной работы подробно рассмотрены экологические риски, возникающие при освоении недр (загрязнение воздуха и воды, образование отходов, нарушение рельефа местности), а также проблемы, связанные с неэффективным управлением и недостаточным выполнением обязательств самими недропользователями. Кроме того, представлены конкретные предложения, направленные на своевременное исполнение функций государственного управления с целью защиты интересов населения, обеспечения экологической безопасности и поддержания социальной стабильности.

ANNOTATION

The object of this thesis is the land used by subsoil users.

The main goal of the study is to conduct a comprehensive analysis of the state management system aimed at the rational and safe use of land resources within the activities of subsoil users in the Republic of Kazakhstan, and to propose effective measures for its improvement.

During the course of the research, various ecological risks associated with subsoil exploitation—such as air and water pollution, waste generation, and landscape degradation—were thoroughly examined. The study also analyzed issues related to ineffective management and the failure of subsoil users to fulfill their responsibilities. In addition, concrete recommendations were proposed to ensure the timely implementation of government oversight in order to protect public interests, ensure environmental safety, and maintain social stability.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Жер қойнауын пайдалану және мемлекеттік басқарудың теориялық- құқықтық негіздері	8
1.1 Жер қойнауын пайдалану түсінігі және оның маңызы	8
1.2 Қазақстандағы жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеу мен заңдық базасы	11
1.3 Жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару бағыттары және оны пайдалануды құқықтық реттеудің негізгі принциптері	20
2 Жер қойнауын пайдаланудағы экологиялық және әлеуметтік мәселелер	25
2.1 Қазақстан Республикасындағы өндірістік қалдықтар және олардың құрылымы	25
2.2 Жер қойнауын пайдаланудағы ғарыштық мониторингтің рөлі және заңсыз әрекеттерді анықтау	26
2.3 Жер қойнауын пайдалануда туындайтын экологиялық мәселелер және олардың себептері	28
3 Жер қойнауын пайдаланушылардың жерлерді тиімді пайдалануы мен қорғауын мемлекеттік басқару	31
3.1 Жер қойнауын пайдаланудағы экологиялық мәселелерді шешудегі мемлекеттік басқару	31
3.2 Жер қойнауын пайдалануды басқарудағы нормативтер мен стандарттар	33
3.3 Жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы жетілдіруге арналған ұсыныстар	34
ҚОРЫТЫНДЫ	37
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	38

КІРІСПЕ

Жер – адамзаттың өмір сүруі мен шаруашылық қызметін жүргізуінің негізгі ресурсы. Оның қойнауында пайдалы қазбалар, минералдық және энергетикалық ресурстар шоғырланған. Сондықтан жер қойнауын тиімді пайдалану – мемлекет пен қоғам үшін аса маңызды мәселе. Қазақстан Республикасы табиғи ресурстарға бай ел болғандықтан, оларды ұтымды игеру және қорғау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Жер қойнауын пайдалану тек экономикалық пайда әкеліп қана қоймай, қоршаған ортаға да әсер етеді. Пайдалы қазбаларды өндіру кезінде экожүйеге кері ықпал ету, топырақтың тозуы, су көздерінің ластануы және атмосфераға зиянды заттардың бөлінуі сияқты экологиялық мәселелер туындайды. Осы себепті жер қойнауын пайдаланушылар өз қызметін тек экономикалық мақсатта ғана емес, сонымен қатар экологиялық қауіпсіздік пен жер ресурстарын қорғау қағидаттарына сәйкес жүргізуі қажет.

Мемлекеттік басқару жүйесі жер қойнауын пайдалану мен қорғауды реттеуде маңызды рөл атқарады. Ол заңнамалық негіздерді қалыптастыру, экологиялық стандарттарды бекіту, мониторинг жүргізу және жер ресурстарын тиімді пайдалану үшін бақылау тетіктерін жүзеге асыру арқылы жүргізіледі. Қазақстанда жер қойнауын пайдалануды реттеу үшін арнайы заңдар қабылданып, тиісті мемлекеттік органдар қызмет атқарады.

Жер қойнауында адам өміріне қажетті байлықтың мол қоры жинақталған. Қазақстан Республикасы жер ресурстарын қорғауға, оның құнарлылығын арттыруға және оны мақсатты түрде пайдалануға ерекше мән береді.

Жер кодексінде жер ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында мемлекеттік жер кадастры жүргізілетіні белгіленген. Кадастр бірыңғай жүйе негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Үкіметі кадастр жүйесін енгізу, құжаттардың мазмұны мен формасын белгілеу, сонымен қатар мәліметтерді жаңартып, бекітуді қамтамасыз етеді.

Жер қойнауын пайдаланушылардың қызметі тек экономикалық тиімділікке қол жеткізуге бағытталып қана қоймай, сонымен бірге қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздікті сақтау және әлеуметтік жауапкершілік талаптарын орындаумен де тығыз байланысты. Өкінішке орай, өндірістік қызмет барысында жер ресурстарының тозуы, атмосфераның және су көздерінің ластануы, өндірістік қалдықтардың бақылаусыз жиналуы сияқты экологиялық проблемалар жиі орын алуда. Бұл жағдайлар табиғи ортаның тұрақсыздануына, халық денсаулығына қауіп төнуіне және табиғи ресурстардың сарқылуына әкелуде.

1 Жер қойнауын пайдалану және оның мемлекеттік реттелуі

1.1 Жер қойнауын пайдалану түсінігі және оның маңызы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, жер—бұл мемлекеттің егемендігі тарайтын аумақтық кеңістік, табиғи байлық, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез келген еңбек қызметінің аумақтық негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасында жерге билік ету құқығы — мемлекеттің ел аумағындағы жер ресурстарының құқықтық режимін айқындауға арналған өкілеттігі. Бұл құқық жер қатынастарын реттеуге және жер қорын тиімді пайдалануға бағытталған. Жеке меншік иелері өздеріне тиесілі жер теліміне қатысты Қазақстан заңнамасына қайшы келмейтін мәмілелерді жасауға ерікті.

Жер кодексіне сәйкес, еліміздің жер қоры нысаналы мақсатына байланысты келесі санаттарға бөлінеді [1]:

- ауыл шаруашылығы жерлері — ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге арналған.
- орман қоры жерлері — орман ресурстарын сақтау мен пайдалану үшін бөлінген.
- су қоры жерлері — су айдындары мен су объектілерін қорғауға арналған.
- елді мекендер жерлері — қалалар мен ауылдардың құрылысын дамытуға пайдаланылады.
- өнеркәсіп және көлік жерлері — өндіріс, байланыс, қорғаныс мақсаттарына арналған.
- ерекше қорғалатын аумақтар — табиғи, рекреациялық және мәдени маңызы бар жерлер.
- босалқы жерлер—нақты пайдалануға берілмеген, резервтегі жер телімдері .

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, жер қойнауы және оның құрамындағы барлық пайдалы қазбалар мемлекет меншігіне жатады.

Жер қойнауы — бұл жер қыртысының беткі қабатынан бастап, оның ең терең бөліктеріне дейінгі кеңістік, онда минералдық ресурстар (мұнай, газ, көмір, металл және бейметалл қазбалар), жерасты сулары және геотермалдық энергия көздері орналасқан. Жер қойнауы адамзаттың өмір сүруі мен экономикалық дамуы үшін маңызды табиғи орта болып табылады.

Жер қойнауын пайдалану дегеніміз — жер астындағы табиғи байлықтарды барлау, өндіру, өңдеу, тасымалдау, сақтау және оларды халық шаруашылығының түрлі салаларында қолдану мақсатында жүргізілетін ғылыми-техникалық және өндірістік қызметтердің жиынтығы. Бұл қызмет түрі мемлекеттің бақылауымен арнайы заңнама мен лицензиялау негізінде жүзеге асырылады [2].

Жер қойнауының негізгі ресурстарына мыналар жатады:

- пайдалы қазбалар;
- техногендік минералдық түзілімдер;
- жер қойнауының кеңістігі.

Пайдалы қазбалар – химиялық құрамы мен физикалық қасиеттері арқасында өндірісте тікелей немесе өңдеуден кейін қолдануға болатын табиғи минералдық түзілімдер мен органикалық заттар. Экономикалық маңыздылығына және пайдалану шарттарына байланысты олар бірнеше топқа бөлінеді:

Қазақстан Республикасы – Еуразия құрлығындағы табиғи ресурстарға аса бай мемлекеттердің бірі. Елдің кең байтақ аумағы геологиялық құрылымы күрделі және пайдалы қазбалардың алуан түрлеріне ие. Мемлекет территориясында жер қойнауындағы ресурстардың көптүрлілігі – оның энергетикалық, индустриялық және экономикалық әлеуетінің басты факторларының бірі болып саналады. Геологиялық зерттеулер нәтижесінде Қазақстан аумағында Менделеев кестесіндегі 105 элементтің 99-ы табылған, ал 70-тен астам элементтің өндірістік қоры бар екендігі анықталған. Бұл – елдің минералдық-шикізат базасының ауқымдылығы мен болашағын көрсетеді [3]. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларының таралу картасы. Масштаб 1:7 500 000. – Ресей Федерациясының Геология және табиғи ресурстар министрлігінің деректері негізінде құрастырылған. – Картографиялық материалда Қазақстан аумағындағы металдық (темір, марганец, мыс, қорғасын, мырыш, алтын, т.б.), бейметалдық (ас тұзы, гипс, фосфориттер), жанғыш (мұнай, газ, көмір, уран) және сирек кездесетін (вольфрам, молибден, т.б.) пайдалы қазбалар кен орындарының орналасуы нақты белгіленген. Сонымен қатар, Қазақстан аумағындағы пайдалы қазбалардың түрлері және олардың таралу аймақтары нақты карта негізінде ұсынылған (1-сурет).

Пайдалы қазбалар – бұл қазіргі технологиялық өңдеу әдістерімен шаруашылық салаларда пайдалануға жарамды табиғи минералдар мен тау жыныстары. Қазақстанның жер қойнауындағы минералдық байлықтар негізінен үш топқа бөлінеді: жанатын, рудалы және рудасыз пайдалы қазбалар.

Жанатын пайдалы қазбалар – көмірсутекті шикізаттар: мұнай, газ, көмір. Бұл ресурстар негізінен елдің батыс және орталық бөліктерінде орналасқан. Атап айтқанда, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстары мұнай мен газға бай. Көмір қоры Қарағанды, Екібастұз, Шұбаркөл бассейндерінде шоғырланған.

Рудалы пайдалы қазбалар – қара және түсті металдардың кендері. Темір, мыс, қорғасын, мырыш, алтын, хром, марганец, никель және сирек кездесетін элементтер республика бойынша кең таралған. Бұл ресурстар металлургия және машина жасау салаларында негізгі шикізат көзі болып табылады.

Рудасыз пайдалы қазбалар – құрылыс материалдары мен химиялық шикізаттар. Бұған фосфорит, асбест, күкірт, тұз, мәрмәр, гранит, әктас, кварц құмы сияқты қазбалар жатады. Олар құрылыс, химия және ауыл шаруашылығы салаларында кеңінен қолданылады.

Қазақстанда барланған пайдалы қазбалардың саны – 6 мыңға жуық кен орны. Оның ішінде өндірістік игеруге жарамдысы – 800-ден астам. Ресми деректер бойынша, 2007 жылы ел уран, хром және марганец қорлары бойынша әлемде екінші орынға шықты. Мырыш, мыс, алтын, молибден және қорғасын қоры бойынша алғашқы бес елдің қатарына кірді.



1-сурет — Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларының таралу картасы

Мұнай-газ саласы – Қазақстан экономикасының басты қозғаушы күші. Қашаған, Теңіз, Қарашығанақ, Жаңажол, Өзен және Жетібай кен орындары халықаралық маңызға ие. Қазақстан мұнайының сапасы жоғары және оның экспорты ел бюджетінің едәуір бөлігін қамтамасыз етеді.

Уран өндірісі бойынша Қазақстан әлемдегі жетекші үш елдің қатарында. Бұл салада республикада "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық компаниясы жұмыс істейді. Қазақстан ураны қауіпсіз ядролық энергетика үшін стратегиялық маңызға ие.

Темір кендері негізінен Қостанай облысындағы Соколов-Сарыбай және Қашар сияқты кен орындарында орналасқан. Бұл кеніштер Қазақстанның ішкі сұранысын қамтамасыз етумен қатар, экспортқа да бағытталған.

Алтын қоры жағынан Қазақстан әлем бойынша бесінші орында тұр. Елдің шығысындағы Бақыршық, Ақсу және Бестөбе сияқты кен орындары ірі алтын

өндіруші орталықтар ретінде танылады. Қазіргі уақытта алтын өндіру саласына шетелдік инвестициялар тартылуда.

Көмір өндірісі Қарағанды және Павлодар облыстарында шоғырланған. Екібастұз көмір бассейні – ашық әдіспен игерілетін ең ірі кен орындарының бірі. Қазақстанда өндірілетін көмірдің сапасы жоғары, әсіресе кокстелетін көмір халықаралық нарықта сұранысқа ие.

Фосфорит қоры жағынан ел әлем бойынша екінші орында. Жамбыл облысындағы Қаратау фосфорит бассейні – ауыл шаруашылығы мен химия өнеркәсібі үшін маңызды шикізат көзі.

Қазақстанның минералдық-шикізат ресурстары – экономикалық өсу мен индустриялық-инновациялық дамудың негізі. Алайда пайдалы қазбаларды игеру тек экономикалық табыстармен ғана шектелмейді. Бұл сала экологиялық қауіптерге де себеп болуы мүмкін [3].

Жер қойнауын пайдалану кезінде қоршаған ортаға зиян келтірмеу, қалдықтарды өңдеу, ластануды болдырмау және қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Осыған байланысты Қазақстанда "Жасыл экономика" концепциясы, экологиялық кодекс және тұрақты даму стратегиялары қабылданған.

Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану – бұл тек өндіру емес, сонымен қатар ресурстарды үнемді қолдану, қалдықсыз технологияларды енгізу және жер қойнауын қорғау бойынша кешенді шаралар жүргізу дегенді білдіреді.

Қазақстан – минералдық ресурстарға аса бай мемлекет. Мұнай, газ, уран, мыс, алтын, хром, көмір және басқа да маңызды қазбалар елдің индустриялық дамуында жетекші рөл атқарады. Табиғи ресурстарды тиімді игеру арқылы мемлекет энергетика, металлургия, химия және құрылыс салаларын ілгерілетуге зор мүмкіндік алады. Алайда бұл процессте экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты даму қағидаларын сақтау маңызды. Болашақта инновациялық технологияларды енгізу мен ресурстарды кешенді пайдалану Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттырып, тұрақты экономикалық өсудің кепіліне айналмақ [3].


1.2 Қазақстандағы жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеу мен заңдық базасы

Жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеу – бұл мемлекет тарапынан жер қойнауын барлау, игеру, пайдалану және қорғау процесіне байланысты құқықтық нормалар мен ережелерді белгілеу, олардың орындалуын қамтамасыз ету және реттеу жүйесін құруды білдіреді. Бұл жүйе мемлекет пен жер қойнауын

пайдаланушылар арасындағы қатынастарды, сондай-ақ табиғи ресурстарды пайдаланудың тәртібін айқындайды [4].

Жер қойнауын пайдалану құқығы – белгілі бір мерзімге және белгілі бір шарттармен, ақы төлеу негізінде жер қойнауын барлау, өндіру немесе игеру құқығын білдіреді .

Жер қойнауын пайдалану құқығының негізгі бағыттары көрсетілген құрылымдық сызба (2-сурет). Мұнда Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексіне сәйкес жер қойнауын пайдалануға рұқсат беру арқылы жүзеге асырылатын басты операциялар нақты бейнеленген.



2-сурет — Жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асыру барысы

Бұл құқық Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес беріледі және мемлекет тарапынан қатаң қадағаланады. Жер қойнауын пайдалану құқығы екі негізгі негізде беріледі:

- 1) Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия
Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт [4].

Лицензия – құзыретті мемлекеттік орган беретін, нақты бір учаскеде жер қойнауын пайдалануға мүмкіндік беретін ресми құжат. Лицензия белгілі бір қызмет түрін жүргізу үшін ғана беріледі және оның мерзімі шектеулі. Лицензия түрлері:

- геологиялық зерттеу жүргізуге арналған лицензия;
- пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия;
- пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия;

- кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия;
- жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия;
- кен іздеу қызметіне арналған лицензия.

Лицензия алушы міндетті түрде лицензиялық талаптар мен шарттарды сақтауы тиіс, ал бұзушылықтар орын алған жағдайда лицензия кері қайтарып алынуы мүмкін.

Келісімшарттық режим жер қойнауын пайдаланушы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан әрекет ететін уәкілетті орган арасында жасалған арнайы келісім негізінде жүзеге асырылады. Бұл келісімшарт жер қойнауын пайдалану құқығын уақытша негізде береді және белгілі бір міндеттемелерді орындауды талап етеді.

Қазақстандағы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының түрлері [4]:

- барлау келісімшарты – белгілі бір аумақта пайдалы қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді;
- өндіру келісімшарты – барланған және бағаланған кен орындарын өнеркәсіптік мақсатта өндіруге құқық береді;
- барлау және өндіруге арналған біріктірілген келісімшарт – бір келісім негізінде екі кезеңді де қамтиды;
- өнімді бөлу туралы келісімшарт (өбк / psa) – алынған өнімді мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушы арасында бөлу тәртібін белгілейді;
- сервистік келісімшарт – өндіріс процесінде қызмет көрсету міндеттемесін көздейді;
- уақытша ғылыми-зерттеу келісімшарты – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстар жүргізу мақсатында жасалады.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы келісімшарт — мемлекет пен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы өзара құқықтар мен міндеттемелерді айқындайтын негізгі құқықтық құжат. Бұл келісімшарт жер қойнауын барлау, өндіру немесе барлау мен өндіру жұмыстарын бірге жүргізу бойынша тараптардың әрекеттерін реттейді. Ол жер қойнауын ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, салықтық және әлеуметтік міндеттемелерді орындау сияқты талаптарды нақты белгілейді.

Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт бойынша бірнеше маңызды міндеттерді орындауға тиіс. Біріншіден, ол келісілген аумақта ғана қызмет жүргізуі және барлау, өндіру жұмыстарын белгіленген мерзімдер мен көлемдерде орындауы қажет. Екіншіден, экологиялық талаптарды сақтау, өндірістік қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, жер қойнауын ұтымды және кешенді игеру шарттарын орындау – негізгі міндеттердің бірі. Сонымен қатар, пайдаланушы мемлекетке барлық қажетті салықтар мен төлемдерді уақытылы аударуға, өндіріс барысындағы

экологиялық және қаржылық есептілікті уақтылы тапсыруға міндетті. Барлау немесе өндіру жұмыстары аяқталған соң жердің табиғи күйін қалпына келтіру (рекультивация) шараларын жүзеге асыру да жер қойнауын пайдаланушының жауапкершілігінде болады.

Өз кезегінде, мемлекет атынан әрекет ететін уәкілетті органның міндеттері жер қойнауын пайдаланушыға келісімшартта көрсетілген құқықтарды беруді және олардың қорғалуын қамтамасыз етуді қамтиды. Сондай-ақ, уәкілетті орган келісімшарт талаптарының орындалуын бақылауға, өндіріс процестерінің экологиялық қауіпсіздігін тексеруге және қажетті жағдайда келісімшарт шарттарына өзгерістер енгізу туралы келіссөздер жүргізуге міндетті.

Келісімшарт жер қойнауын пайдаланушыға нақты құқықтар береді. Оларға келісімшарт аумағында барлау және өндіру жұмыстарын жүргізу, өндірілген өнімді ішкі және халықаралық нарықта еркін сату, қосымша пайдалы қазбалар табылған жағдайда келісімшарт шарттарын қайта қарау туралы ұсыныс енгізу құқығы жатады. Сонымен қатар, пайдаланушы жаңа технологияларды енгізу және өндіріс процесін жетілдіру мүмкіндіктеріне де ие. Уәкілетті органның құқықтарына келісімшарт талаптарының сақталуын тексеру, экологиялық талаптардың бұзылуы немесе міндеттемелердің орындалмауы анықталған жағдайда әкімшілік шаралар қолдану, сондай-ақ келісімшартты бұзу құқығы кіреді.

Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт талаптарын бұзған жағдайда жауапкершілікке тартылады. Бұл жауапкершілікке айыппұлдар төлеу, қоршаған ортаға келтірілген зиянды қалпына келтіру, заңсыз өндірілген пайдалы қазбалар үшін мемлекетке өтемақы төлеу кіреді. Сонымен қатар, уәкілетті орган да өзінің міндеттемелерін дұрыс орындамаған жағдайда жауапты болады: мысалы, жер қойнауын пайдаланушының заңды құқықтарын негізсіз шектеген жағдайда мемлекет келтірілген шығынды өтеуге міндетті.


Келісімшартты бұзу негіздері нақты заңнамамен анықталған. Егер жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт талаптарын жүйелі түрде орындамаса, экологиялық нормаларды өрескел бұзса немесе салық төлеу міндеттемелерін орындамаса, мемлекет келісімшартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда мемлекет жер қойнауын қорғау және ұтымды пайдалану мүддесін басшылыққа алады.

Жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеудің негізгі мақсаты:

- мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғау;
- минералдық ресурстарды ұтымды және кешенді игеру;
- жер қойнауын пайдаланушылардың қызметін реттеу және бақылау;
- қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау;
- әлеуметтік жауапкершілік пен тұрақты дамуды қамтамасыз ету.

Жер қойнауын пайдалану саласында дұрыс құқықтық реттеу жүйесін құру – елдің табиғи байлығын тиімді әрі ұзақ мерзімді перспективаларда игеруге мүмкіндік береді.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарды құқықтық реттеудің негізгі қағидаттарын бейнелейтін құрылымдық сызба (3-сурет). Мұндағы Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің негізгі қағидаларына негізделген. Онда жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыруда басшылыққа алынатын негізгі қағидаттар келтірілген .



3- сурет — Жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу

Қазақстан Республикасының облыстары бойынша жер қойнауын пайдалану объектілері мен пайдалы қазбалар туралы жүйелендірілген мәліметтер ҚР Энергетика министрлігі, ҚР Геология комитеті, сондай-ақ өңірлік жер қойнауын пайдалану департаменттерінің 2023 жылғы есептеріне негізделіп құрастырылған. Кестеде әрбір облыстағы келісімшарттар мен лицензиялар саны, олар бойынша игеріліп жатқан пайдалы қазбалардың түрлері және қызмет салалары көрсетілген. Мәліметтер қатты пайдалы қазбалар (темір, мыс, алтын, көмір, т.б.), кең таралған пайдалы қазбалар (құм, саз, бор, т.б.), жер асты сулары, минералды сулар мен кен іздеушілік сияқты қызмет бағыттарын қамтиды. Сондай-ақ, жекелеген қалаларда (Астана, Алматы, Шымкент) жер қойнауын пайдалану ерекшеліктері (шектеу, тыйым салу) да ескерілген (1-кесте).

Кесте 1 — Қазақстан облыстарындағы жер қойнауын пайдалану жөніндегі мәліметтері

Облыс	Жер қойнауын пайдалану объектілері	Негізгі пайдалы қазбалар мен қызмет саласы
Абай облысы	Ақтоғай және Бақыршық тау-кен байыту комбинаттары	Тау-кен өндірісі, металлургия
Ақмола облысы	Құрылыс материалдары, минералды сулар, бағалы металдар	Алтын, күміс, уран, молибден, темір, көмір
Ақтөбе облысы	159 жер қойнауын пайдаланушы	Қатты пайдалы қазбалар, жер асты сулары, кең таралған пайдалы қазбалар
Атырау облысы	72 кен орны	Кең таралған пайдалы қазбалар
Батыс Қазақстан облысы	62 жер қойнауын пайдаланушы	Құрылыс материалдары (құм, саз, бор, гипс, кварц құмы)
Жамбыл облысы	282 объект	Қатты пайдалы қазбалар, газ, минералды сулар, құрылыс материалдары
Жетісу облысы	109 жер қойнауын пайдаланушы	Кең таралған пайдалы қазбалар
Қарағанды облысы	256 келісімшарт	Қатты пайдалы қазбалар, кең таралған пайдалы қазбалар
Қостанай облысы	169 жер қойнауын пайдаланушы	Темір, никель, кобальт, алюминий, көмір, құрылыс материалдары
Қызылорда облысы	73 келісімшарт, 24 лицензия	Кең таралған пайдалы қазбалар, емдік балшық
Маңғыстау облысы	199 келісімшарт, 69 лицензия	Көмір, құм, құрылыс тасы, гипс, тұз
Павлодар облысы	97 келісімшарт және лицензия	Қатты пайдалы қазбалар, кең таралған пайдалы қазбалар, жер асты сулары
Солтүстік Қазақстан облысы	5 келісімшарт, 10 лицензия	Қатты пайдалы қазбалар, уран, жер асты сулары
Түркістан облысы	175 келісімшарт және лицензия	Кең таралған пайдалы қазбалар
Ұлытау облысы	38 келісімшарт, 141 лицензия	Қатты пайдалы қазбалар, кең таралған пайдалы қазбалар
Шығыс Қазақстан облысы	385 объект	Қатты пайдалы қазбалар, кең таралған пайдалы қазбалар, кен іздеу
Шымкент қаласы	15 жер қойнауын пайдаланушы	Құм-киыршық тас қоспасы, саздақ, кварц құмы

Қазақстан Республикасында жер қойнауын қорғау және пайдалану мәселелері ұлттық экономиканың стратегиялық маңызы бар саласы ретінде қарастырылады. Конституцияның 6-бабы жер мен оның қойнауы мемлекеттің меншігі болып табылатынын бекітеді. Бұл қағида жер қойнауын пайдалану қатынастарындағы барлық құқықтық нормалардың негізі болып табылады және мемлекетке жер қойнауын сақтау, ұтымды пайдалану және болашақ ұрпақ үшін қорғау жауапкершілігін жүктейді.

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеу бірнеше негізгі заңнамалық актілер арқылы жүзеге асырылады. Бұл актілер жер қойнауын барлау, өндіру, пайдалану және қорғау процестерін толық қамтып, жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтық мәртебесін, міндеттері мен жауапкершіліктерін белгілейді. Негізгі құқықтық құжаттарға «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекс (2017 ж.), «Экологиялық кодекс» (2021 ж.), «Жер кодексі» (2003 ж.), «Салық кодексі» және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдер мен конвенциялар жатады.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексі жер қойнауын барлау, өндіру және қорғау тәртібін кешенді түрде реттейтін басты нормативтік акт болып табылады. Кодекс жер қойнауын пайдалану құқығын беру рәсімдерін, лицензиялар мен келісімшарттар талаптарын, жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін және мемлекеттік бақылау тетіктерін айқындайды. Сонымен қатар, Кодекс жер қойнауын пайдалану барысында экологиялық талаптардың сақталуын міндеттейді және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету шарттарын белгілейді. Кодексте ашықтықты қамтамасыз ету үшін электрондық аукцион жүйесі енгізіліп, лицензиялар мен келісімшарттар беру процесі ашық және әділ жүзеге асырылады. Жер қойнауын пайдаланушы келісімшартта көзделген барлық талаптарды орындауға міндетті, ал мемлекет өз кезегінде оның құқықтарын қорғауға және әділ бәсекелестік жағдайын қамтамасыз етуге жауапты.

«Экологиялық кодекс» жер қойнауын пайдалану қызметінің экологиялық аспектілерін нақтылайды. Бұл кодекс табиғи ресурстарды игеру барысында қоршаған ортаны қорғауға қойылатын міндеттерді, экологиялық рұқсат беру жүйесін және қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) рәсімдерін егжей-тегжейлі сипаттайды. Кодексте экологиялық қауіпсіздік принциптері, өндіріс қалдықтарын басқару, өндірістен кейін жерді қалпына келтіру (рекультивация) шаралары қарастырылған. "Ластаушы төлейді" қағидаты негізінде қоршаған ортаға тигізілген залалды өтеу міндеттемесі енгізілген. Бұл құжат жер қойнауын пайдаланушылардың табиғатқа зиян келтірмеуіне бағытталған және өндірістік қызметті экологиялық стандарттарға сай жүргізуді талап етеді [5].

«Жер кодексі» жер учаскелерінің құқықтық мәртебесін, жерді беру, пайдалану және қорғау тәртібін белгілейді. Жер қойнауын пайдалану қызметі көбінесе белгілі бір жер учаскесін уақытша немесе тұрақты пайдалану құқығымен байланысты болғандықтан, жер кодексі ерекше маңызға ие. Кодексте жер учаскелерін жер қойнауын барлау және өндіру үшін беру рәсімдері, пайдаланудың құқықтық негіздері, жерді қорғау міндеттемелері нақты көрсетілген. Сонымен бірге, жерді пайдалану мерзімдері, оны мақсатты пайдалану талаптары және жерді ұтымды пайдалану қағидаттары қатаң түрде регламенттелген [1].

«Салық кодексі» жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу тәртібін анықтайды. Бұл кодексте пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС), экспорттық ренталық салық, бонустар (қол қою және коммерциялық табу бонустары) және қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемдер қарастырылған. Салық кодексі арқылы мемлекет пайдалы қазбалар өндіруден түсетін кірістерді әділ бөлу механизмін қалыптастырып, жер қойнауын пайдаланушылардың бюджет алдындағы қаржылық міндеттемелерін нақтылайды. Бұл өз кезегінде мемлекет кірістерінің тұрақтылығын және өндірістің ашықтығын қамтамасыз етеді [6].

Халықаралық шарттар мен келісімдер Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы халықаралық құқықтық міндеттемелерін айқындайды. Қазақстан минералдық ресурстарды барлау мен өндіру, экологиялық қауіпсіздік және тұрақты даму саласындағы көптеген халықаралық келісімдерге қосылған. Бұл келісімдерге минералдық ресурстар саласындағы ынтымақтастық жөніндегі екіжақты және көпжақты келісімдер, табиғатты қорғау бойынша конвенциялар (мысалы, Киото хаттамасы, Париж келісімі) және ядролық қауіпсіздік саласындағы келісімдер жатады. Егер халықаралық шарттар мен ұлттық заңнаманың арасында айырмашылық туындаса, халықаралық нормалар басымдыққа ие болады. Бұл Қазақстанның жер қойнауын пайдалану саласындағы құқықтық мәдениетті дамытуына және халықаралық стандарттарға бейімделуіне ықпал етеді.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланудың құқықтық реттелуі кешенді сипатқа ие және экономикалық даму, экологиялық қауіпсіздік және әлеуметтік тұрақтылық талаптарын теңдей үйлестіруге бағытталған. Қолданыстағы заңнамалар мен халықаралық міндеттемелер жер қойнауын тиімді әрі жауапкершілікпен пайдаланудың, табиғи байлықтарды сақтаудың және оларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің құқықтық негізін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды үйлестіретін басты орган — Экология және табиғи ресурстар министрлігі. Бұл орган Қазақстан

Республикасының Бірыңғай мемлекеттік экологиялық саясатын жүзеге асыруға жауапты, әрі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады. Министрлік табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты дамуды қамтамасыз ету, климаттық өзгерістерге қарсы әрекет ету сияқты стратегиялық бағыттарда жұмыс атқарады.

Министрлік құрылымына 11 департамент және 3 комитет кіреді. Әр құрылымдық бөлімшенің өз бағыты бойынша нақты міндеттері мен функциялары бар [7]:

Департаменттер:

- климаттық саясат департаменті – климаттың өзгеруіне бейімделу, парниктік газдар эмиссиясын азайту және халықаралық климаттық келісімдер аясындағы міндеттемелерді орындау бағытында жұмыс істейді.

- стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті – бұл министрліктің стратегиялық даму бағыттарын айқындау, ұзақ мерзімді жоспарлар әзірлеу және оларды жүзеге асыру тиімділігін бағалау үдерістерін үйлестіретін құрылымдық бөлімше болып табылады.

- экологиялық саясат департаменті – қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық және саяси құжаттарды әзірлеу жұмыстарын жүргізеді.

- қалдықтарды басқару департаменті – өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың айналымы мен қауіпсіз кәдеге жаратылуын реттейді.

- халықаралық ынтымақтастық департаменті – экологиялық бағыттағы халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

- цифрлық трансформация департаменті – министрлік қызметін автоматтандыру, цифрландыру және экологиялық мониторинг жүйелерін дамыту міндетін атқарады.

- кадр жұмысы департаменті – кадрлық саясатты жүзеге асырады, кадрларды іріктеу, даярлау және қайта даярлау мәселелерімен айналысады.

- мемлекеттік активтерді басқару және бюджеттік саясат департаменті – министрлікке қарасты активтер мен қаржылық ресурстарды басқару жұмыстарын жүзеге асырады.

- заң қызметі департаменті – құқықтық сүйемелдеу, нормативтік актілердің құқықтық сараптамасын жасау және құқықтық консультациялар беру функциясын атқарады.

- ішкі аудит департаменті – министрлік жүйесіндегі ішкі бақылау және аудит процедураларын орындайды.

- әкімшілік жұмыс департаменті – жалпы әкімшілік-шаруашылық қызметті ұйымдастырады және материалдық-техникалық қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырады [7].

Комитеттер:

- экологиялық реттеу және бақылау комитеті – экологиялық заңнаманың сақталуын бақылау, мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу және эмиссияларға рұқсат беру функцияларын атқарады.

- орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті – орман ресурстарын, аңшылық шаруашылығын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және биологиялық әртүрлілікті сақтау жұмыстарын жүргізеді.

- баспасөз қызметі – қоғаммен байланыс, экологиялық ағартушылық, министрлік қызметінің ақпараттық жариялылығын қамтамасыз ету.

Бұл құрылым министрлікке экологиялық саясатты жүйелі түрде жүзеге асыруға, табиғи ресурстарды тиімді басқаруға және халықаралық стандарттарға сай әрекет етуге мүмкіндік береді. Уәкілетті орган ретінде Экология және табиғи ресурстар министрлігі тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған бастамалар мен реформаларды іске асыруда маңызды рөл атқарады .

1.3 Жер қойнауын және оны пайдалануды құқықтық реттеудің негізгі принциптері

Жер қойнауын пайдалану – бұл тек ресурстарды өндіру ғана емес, сонымен қатар оны кешенді түрде басқару, құқықтық және экологиялық талаптарды сақтау, инновациялық технологияларды енгізу, экономикалық тиімділік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету сияқты көпқырлы міндеттерді қамтитын мемлекеттік стратегиялық сала. Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару жүйесі осы саладағы кешенді саясат жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Бұл басқару жүйесі төмендегідей басым бағыттарға негізделген:

1. Табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану.

Мемлекеттік саясаттың басты мақсаты – табиғи ресурстарды ұтымды әрі үнемді пайдалану арқылы олардың таусылуын болдырмау. Бұл бағыт шеңберінде жер қойнауын кешенді пайдалану, қалдықсыз немесе аз қалдықты технологияларды енгізу және табиғи байлықтардың толық сарқылуын болдырмау міндеттері қойылады. Өндіріс кезінде пайда болатын қосымша өнімдер мен қалдықтарды қайталама шикізат көзі ретінде қарастыру, қорларды тиімді игеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, табиғи ресурстарды игеру барысында атмосфера, жер, су экожүйелеріне зиян келтірмеу – осы бағыттың негізгі шарттарының бірі.

2. Құқықтық тәртіп пен реттеуді қамтамасыз ету.

Жер қойнауын пайдалану саласы рұқсат беру, лицензиялау, келісімшарттар жасасу және бақылау тетіктері арқылы құқықтық негізде реттеледі. Мемлекет заңсыз жер қойнауын пайдалануға жол бермеуге, келісімшарттар мен лицензиялық талаптардың орындалуын бақылауға міндетті. Бұл бағытта лицензиялар мен келісімшарттар беру жүйесі жетілдіріліп, электрондық аукциондар енгізілді. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар тарапынан рұқсатсыз өндіріс орындарын анықтап, оларға қатысты заңды шаралар қолдану арқылы құқықтық тәртіп сақталады. Бұл реттеу жер қойнауын пайдалану саласындағы ашықтық пен әділеттілікті қамтамасыз етеді.

3. Ғылыми-техникалық прогреске ықпал ету.

Табиғи ресурстарды тиімді әрі экологиялық таза жолмен игеру ғылыми-техникалық прогреске тікелей байланысты. Осыған орай мемлекет жер қойнауын пайдалану саласына заманауи технологияларды енгізуді ынталандырады. Бұл, біріншіден, өндіріс тиімділігін арттырса, екіншіден, қоршаған ортаға келетін зиянды азайтады. Шетелдік инвестициялар тарту арқылы жаңа технологиялар мен басқару тәжірибелерін енгізу мүмкіндігі кеңейеді. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру және оларды өндіріс процесіне енгізу жер қойнауын пайдаланудағы инновациялық серпінді қамтамасыз етеді.

4. Экологиялық қауіпсіздік пен табиғатты қорғау.

Экологиялық қауіпсіздік – жер қойнауын пайдаланудың ең маңызды құрамдас бөлігі. Қазіргі таңда табиғатқа залал келтірмей, ресурстарды игерудің жаңа жолдарына басымдық берілуі тиіс. Мемлекет жер қойнауын пайдалану барысында қоршаған ортаны қорғау шараларын заңнамалық және әкімшілік деңгейде бекітеді. Атмосфераға зиянды заттардың бөлінуін азайту, топырақтың ластануына жол бермеу, су көздерін қорғау – басты талаптардың қатарында. Сондай-ақ, игеру жұмыстары аяқталғаннан кейін жерді рекультивациялау – табиғи тепе-теңдікті сақтау үшін міндетті шара. Бұл бағыт биологиялық әртүрлілікті сақтауға және экожүйенің бұзылмауына жол бермейді.


5. Ұлттық экономиканың дамуына үлес қосу.

Жер қойнауын пайдалану – Қазақстан экономикасының негізгі табыс көздерінің бірі. Пайдалы қазбаларды өндіру мен экспорттау мемлекеттік бюджетке елеулі салықтар мен төлемдер түсіреді. Бұл бюджет қаражаты елдің әлеуметтік бағдарламаларын қаржыландыру, инфрақұрылымды дамыту және өңірлік экономиканы нығайтуға бағытталады. Сонымен қатар, инвестициялық тартымдылықты арттыру арқылы шетелдік капитал тартылып, жер қойнауын игеру саласында жаңа жұмыс орындары құрылады. Осылайша, сала ішкі жалпы өнімнің өсіміне ықпал етеді және экономиканың тұрақты дамуына үлес қосады.

6. Ұзақмерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Жер қойнауын пайдалануды басқарудың түпкі мақсаты – табиғи байлықтарды келешек ұрпаққа сақтау, яғни орнықты даму қағидаттарын іске асыру. Ұзақмерзімді тұрақтылық ресурстарды тиімсіз игеру мен экологиялық апаттардың алдын алуға бағытталған. Бұл бағыт аясында табиғи байлықтарды толық сарқылтпау, экологиялық-экономикалық балансты сақтау, табиғи ортаны қалпына келтіру және ресурстарды үнемдеудің құқықтық, технологиялық тетіктерін қалыптастыру міндеті қойылады. Мемлекет осылайша экологиялық, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету арқылы өз азаматтарының өмір сүру сапасын арттыруға ұмтылады.

Мемлекеттік басқарудың табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі негізгі бағыттары. Бұл сызбада мемлекеттік басқару арқылы жүзеге асырылатын негізгі функциялар – табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық қауіпсіздік пен табиғатты қорғау, құқықтық тәртіп пен реттеуді қамтамасыз ету, ұлттық экономиканың дамуына үлес қосу және ғылым мен техникалық прогресті ілгерілету мәселелері нақты жүйеленген. Әрбір бағытқа сәйкес қолданылатын механизмдер, құралдар және күтілетін нәтижелер өзара байланыста берілген (4-сурет).



4- сурет — Мемлекеттік басқарудың табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі негізгі бағыттары мен құралдары

